

#### **4-9-сәуір аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ**

9-сәуір

Апталық жоспарға сәйкес 4-9-сәуір аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас мамандарға қысқа мерзімді жоспар құру бойынша әдістемелік ұсынымдар айтылды.

2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.

3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.

4. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын, оқушының пәнді терең меңгеру қабілетінің дамуын бақылау мақсатында 2 мәрте білім тексеру сынағы ұйымдастырылды (компьютерлік формат).

5. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттыру, теориялық білімдері мен дағдыларын тереңдету мақсатында 5 сәуір күні 7-8-сынып оқушылары арасында математика, физика, химия, биология және информатика пәндерінен қалалық жасөспірімдер олимпиадасы өтті. Олимпиадаға 34 оқушы қатысты: оның ішінде химиядан -8, биологиядан – 6, физикадан -5, математикадан -10, информатикадан -5. Олимпиада қорытындысы әділ қазылардың шешімімен 8 оқушы облыстық кезеңіне қатысады. Олар: 7-сынып- Саркен Айғаным, Нұрұш Хасан, Искаков Алинур; 8-сынып- Бақытжан Жәнібек, Талғат Санжар, Муратов Әліби, Әбіқан Әбілмансұр, Елубай Мәди.

6. Облыстық Абай, Махамбет оқуларына қатысуға өтініштер тапсырылды және оқушыларды дайындау жұмыстары жүргізілді.

7. Республикалық пәндер олимпиадасына мұғалімдер Сағатай А.А. Алпыспаева С.А. Әдей Ж.Ахат А.Д. Кайржанова М.Н. дайындық сабақтарын өткізді. Оқушылар Ким Камила, Нурмагамбетова Қымбат Ш. Уәлиханов ат. Көкшетау университетінің оқытушыларымен де дайындықты өтті.

8. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курстардың өтуі қадағаланды.

9. Мектеп психологі Какимжанова Д.Ш. «Жалын» шығармашылық тобы жұмысы бойынша 7-сыныптар арасында «Жазу машинасы» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Тренинг қызықты өтті, оқушылар белсенді қатысты.